

«Психологияны оқыту» пәнінен дәрістер жинағы

1 дәріс. Оқытушы – оқыту іс-әрекеті негізінде ұйымдастырушы-ақпараттандырушы Жоспары:

1. Оқытушы ұғымы туралы түсінік.
2. Оқытушы-оқыту іс-әрекетінің негізі ретінде.

1. Оқытушы ұғымы туралы түсінік.

«Мұғалім» мен «педагог» туралы түсінік педагогикалық қызмет атқаратын мамандарға арналған синоним ретінде қолданады. Мұғалім деп негізінде мектептегі педагогтарды айтады. Педагог деп жалпылама айтылады. Педагогтың әлеуметтік статусының 2 түрі бар:

- 1) мамандар, яғни арнайы даярлығы барлар;
- 2) басқа мамандықтардағы, бірақ тәрбиеші, оқытушы қызметін атқарып жүргендер.

Педагогикалық қызмет оқушы мен тәрбиеленушінің дамуына жұмыс істейтін мақсатты, арнайы ұйымдасқан педагогикалық бірлестігінен туындайды.

Мамандық қызметінің түрлері: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, біліктілігін арттыру болып табылады.

XXI ғасырда білім беруді дамытудың жолдары белгілі бір дәрежеде мұғалім даярлығынан бастап, оның іс-әрекетінің тәжірибелік тұрғыдан ұшталып, шыңдала түсуіне дейін тікелей қатысты. Өйткені, қазіргі заман мұғалімінің эмпирикалық тәжірибесінде әр түрлі білім беру технологияларын пайдалану, оның жетістіктерін болжау, өздігімен жобалау мен құрастыру негізінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылыс байқалады.

Қай заманның болсын мұғалімі алдымен ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегеніндей, тәлім-тәрбие ісінен жалықпайтын, шығармашылығы мол, еңбекшіл, парасатты азамат болуы керек. Өйткені, баланы өзіне тарта алатындай, тәлімгерлігі бар адам ғана ұстаз деген атаққа ие бола алады. Сондықтан қазіргі заман мұғалімі өз пәнінен білімді ғана болып қана қоймай, тарихи танымы мол, саяси-экономикалық жағынан да сауатты болуы тиіс. Сондықтан да, XXI ғасыр мұғалімдеріне қойылатын талаптар ауқымы үлкен:

- жеке көзқарастары бар және оны қорғай білетін тұлға болуы тиіс;
- психологиялық-педагогикалық білімдерін жетілдіріп, үйренумен қатар, оларды шебер қолдана білуі тиіс;
- білім негіздерін өздігімен оқып үйренуге оқушыларды баулу;
- ұстаздың ұйымдастырушылық, бейімділік, сараптамашылық қабілеттерімен қатар болып жатқан педагогикалық жағдайларды, құбылыстарды талдай білуі шарт.

Мұғалім еңбегінің өзіндік ерекшелігі – оның нәтижелері кейінгі уақытқа ысырылып тасталғандай бірден көріне қоймайды. В.А.Сухомлинский «Жер жыртушы, тұқым себуші, астық басушы егіс даласында өсірілген бидай масағымен және бір уыс дәнге бірнеше айдан кейін қуанып мәз болады ... – мұғалім өз жасампаздығының жемісін көру үшін жылдар бойы еңбек ету керек болады» деген. Педагогикалық қателердің, біліксіз педагогикалық ықпалдардың жазасын баланың өзі (кейде бірнеше жылдан кейін ересек болған кезінде) және оның жақындары көріп жатады. Мұғалім оқушы тұлғасын қалыптастырушы делінеді. Бұл процестің күрделілігі тәрбиеленушінің үнемі өзгеріп тұратындығына байланысты.

Мұғалім қызметінің тағы бір ерекшелігі – қолында нәтиже өлшеуіші жоқ. Оның ең басты жұмысы – оқыту мен тәрбиелеу барысында туындайтын қарым-қатынасты басқару. Мұғалім көптеген нақты жағдайда қысқа уақыттың ішінде ең дұрыс педагогикалық шешімді таба білуі тиіс, ал, бұл - өте күрделі іс-әрекет.

Оқытушы-оқыту іс-әрекетінің негізі ретінде.

Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеті – жекелеген іс-әрекет жиынтығы, нақтырақ айтсақ: әртүрлі әдебиетті, бағдарламаларды, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді және тағы да басқа оқыту құралдарын талдау, соның негізінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті оқу материалын іріктеу және оларды құрастырып, сабақтың мазмұнын анықтау; өзінің жұмысын, сонымен қатар, оқушылардың оқу жұмысын да жоспарлауға үйрету; оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттерін ұйымдастырып, оны орындауға көмектесу; өзінің және оқушылардың іс-әрекетін бағалай білу, оларды бағалауға және өзін-өзі бағалауға үйрету, т.с.с.

В.М.Лизинский педагогтің кәсіби іс-әрекетінің үлгісін жасаған. Ол үлгіде мынадай тақытыптар қамтылған:

1. Мұғалімнің өздігімен білімін дамыту және біліктілігін жетілдіру.
2. Мұғалім кәсіби іс - әрекеті табыстылығының рейтингісі.
3. Қоғамдық - педагогикалық қызметке араласуы.
4. Пән бойынша сабақтан тыс іздену әрекеті.
5. Педагогтің инновациялық кәсіби қызметі.

Н.В.Кузьмина педагогикалық іс-әрекеттің бес компоненттен тұратын функционалдық моделін ұсынды:

- 1) гностикалық, педагогикалық жүйені қолдаудың заңдары мен механизмдері туралы жаңа білім алу мен білімдік қор жинау міндетін шешеді;
- 2) жобалаушылық, оқытылып отырған курс мақсаты мен ол мақсатқа жету жолдарын жобалаумен байланысты;
- 3) конструктивтік (сындарлы) компонент, бұған курс мазмұны, сабақты өткізу түрі мен әдістерінің композициясын түзу мен таңдау жөніндегі іс-әрекеттер енеді;
- 4) ұйымдастырушылық бойынша жоспарланғанды жүзеге асыру міндеттері шешеді;
- 5) коммуникативтік компонент, бұған педагогикалық процесс субъектілерінің арасында педагогикалық мақсатқа сай өзара қатынас орнатумен байланысты іс-әрекеттер енеді.

Іс-әрекеттің аталған түрлері мұғалімнің практикалық жұмысында кездесетін барлық іс-әрекетті қамтиды деп айтуға болмайды, өйткені мамандық алу барысында адам негізгі білікті қалыптастыруды үйренеді, сонан соң өзінің білімін, кәсіби шеберлігін жалғастырады, жетілдіреді.

Оқушылардың іс-әрекетін басқару әр түрлі жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) жанама басқару – оқу материалы мен оқу құралы арқылы;
- 2) тікелей басқару – белгілі оқу-таным іс-әрекеттерін қалыптастыру және бақылау, өзін-өзі бақылау арқылы.

Оқушылардың жұмысын бақылаудың түрлерін ұйымдастыру (ауызша сұрау - жаппай сұрау және жеке сұрау, жазбаша жұмыста - өздік жұмыс, бақылау жұмыстары) іс-әрекетті жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Мұғалім іс-әрекеттің бұл түрін күнделікті жүргізіп отырады. Сұрақты нақты қою, жауаптарға түсініктеме беру, өз пікірін білдіру, жауап жоспарын жасау, жоспарға сәйкес жауаптарды талдау және т.с.с. басқаның іс-әрекетіне дұрыс баға беру білігін қалыптастырады, өзін-өзі бағалауды қалыптастыру үлгісінің негізінде өз жұмысының қателерін талдау жолымен жүзеге асырылады.

2 дәріс. Оқу-тәрбие үдерісін басқару және инновациялық білім беру мәдениеті **Жоспары:**

1. Оқу-тәрбие үдерісін басқару жүйесі.
2. Инновациялық білім беру мәдениеті.

1. Оқу–тәрбие үдерісін басқару жүйесі.

Педагогикалық үдеріс дегеніміз – қойылған мақсатқа жетуге бағытталған тәрбиелеуші және тәрбиеленушілердің өзара әрекеттесуі. Басқа сөзбен айтқанда, педагогикалық үдеріс - әлеуметтік тәжірибе, жеке адамның сапасына айналатын үдеріс. Тұтастылық негізінде оқыту, тәрбиелеу және дамыту бірлігін қамтамасыз ету педагогикалық үдерістің басты мәнін құрайды.

Жалпы алғанда басқару- белгілі бір жағдайда нәтиже шығаруға байланысты топтың, ұжымның, ұйымның және жеке адамның іс-әрекетіне ықпал ету. Яғни, шешім қабылдауға бағытталған, белгіленген мақсатқа сәйкес басқару нысанын ұйымдастыру, қадағалау, реттеу, алынған шынайы ақпарат негізінде талдау жасап, нәтижесінің қорытындысын шығару әрекеті деп түсіндіруге болады. Халықаралық тәжірибеде басқарудың міндеттер бойынша, жоспардан тыс, ерекшелікке байланысты, нәтижелер бойынша т.б. түрлері іске асырылуда. Ал, қазіргі заманда жоғары мектепті басқарудың өзіндік ерекшеліктері айқындалуда, өйткені ол – күрделі жүйе. Бұл қазіргі кез-келген оқу-білім беру мекемесінің алдына өмірдің өзі қойып отырған міндеттерді жүзеге асыру бойынша барлық жұмыстың басты ұйымдастырушысы ретіндегі жоғары мектеп басшыларының тікелей басқару іс-әрекетінде көрінуі тиіс. Жоғары мектеп басшылығы мен мұғалімдерден тұратын басқару жүйесі жетекші болып келеді. Жоғары мектепті басқарудың басты мәні – педагогтардың оқыту мен тәрбиеде ең жақсы нәтижеге жету мақсатын көздейді. Адамдар жеке істей алмайтын немесе жекелеп істеу тиімсіз болғанды жұмыла істеу үшін басқару қажеттігі туындайды.

В.Г. Афанасьевтің пайымдауынша: “Басқару – қоғамның, оның кез-келген даму сатысындағы, ішкі өзіне тән қасиеті. Бұл қасиеттің жалпылық сипаты бар және ол қоғамның жүйелік табиғатынан, адамдардың қоғамдық, ұжымдық еңбегінен, еңбек пен өмір барысында қарым-қатынас жасау, өзінің материалдық және рухани өмірінің жемісімен алмасу қажеттігінен бастау алады”.

XX-XXI ғасырлар тоғысындағы басқару, білімінің қарқынды өсуі мен өзгеру кезеңі. Бұл эволюцияның бастапқысы ретінде басқарудың классикалық мектебінің негізін салушы А. Файольдің еңбектерін атауға болады, ол 1916 жылы басқарудың жалпы принциптерін ұсынған. Дәл осы принциптер ғылыми басқару теорияларының негізіне айналған.

“Басқарудың классикалық теориясы” 1930-жылдарға дейін ең басты орында болған. XX ғасырдың 30-жылдарында басқарушылық ғылым дамуында “басқарушылық қатынастар теориялары” атты жаңа бағыт қалыптасты. Классикалық теория бірлескен іс-әрекет нәтижелілігінің негізгі шарттары не, қашан, қайда және қалай істеу керектігін анықтайтын басқарудың нақты ресми құрылымы, жемісті жұмысты (ең бастысы, материалдық жағынан) қамтамасыз ету деп санаған. Ал адамдар қатынасының теориясы адамның ұйымдағы мінез-құлқын анықтайтын факторларды, мақсаттылық пен жеке тұлғалар арасындағы қатынастарды бірінші орынға қояды. Бұл теория XX ғасырдың 50-60-жылдары Батыста, әсіресе АҚШ-та кең өріс жайған, тәжірибеде оң нәтиже бере алмаған, дегенмен басқарудың демократиялық әдістерін кеңінен енгізу әрекеті де осы теориямен байланысты. “Адамдар қатынасы теориясының” орнына, басқарудың жүйелік теориялары, жағдайлық теориялар, басқарудың рационалистік (ақыл-ой талабына ғана негізделген) және мінез-құлықтың жағымды жақтарын біріктіріп, олардың орнына ұйымдастырушылық даму теориялары келді.

Басқарушылық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың жүйесін енгізу бойынша шетелдік ғалымдар И.П. Раченконың еңбегін; мұғалімдердің шығармашылық зерттеушілік және эксперименталды қызмет-әрекетін ұйымдастыру бойынша, ғылымды практикаға енгізу бойынша Ю.К. Бабанскийдің, Л.И. Гусевтің, В.И. Журавлевтің, В.И. Загвязинскийдің, В.В. Краевскийдің, М.Н. Скаткиннің және т.б. еңбектерін; мамандықты жетілдіру бойынша Я.С. Бенционның, Г.И. Горскаяның, Л.С. Коробкованың т.б. еңбектерін; мамандықты көтерудің психологиялық-педагогикалық және ақпараттық негізін құру бойынша Г.С. Сухобскаяның, А.С. Пискуновтың, т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Басқарудың қызметтерін тек дидактикалық тұрғыдағы аспектілермен шектеген қате болар еді. Білім беру мектептеріндегі педагогикалық ұжымның жүзеге асыратын тәрбиелік жүйесі де басқаруға келеді.

Г.И. Щукинаның басқару дегеніміз – “психологиялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік” сияқты күрделі процестер мен қатынастарды саналы түрде реттеу деген пікіріне толық қосылуға болады. Дегенмен, басқарудың алдыңғы қатарлы тәжірибесін жинақтап қорыту, материалды жинаумен ғана және оны тиісті ғылыми-әдістемелік тұрғыдан бағаламай, тек баяндаумен ғана шектеледі.

2. Инновациялық білім беру мәдениеті.

«Инновация» ұғымы латын тілінен алынған, ол - «жаңару, өзгеру» дегенді білдіреді. Бұл түсінік XIX ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтердің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдіреді.

XX ғасырдың 30-жылдарында Еуропада ғылымның жаңа саласы, жаңашылдық ғылымы пайда болып, ал 50-жылдары педагогикалық инноватика қалыптасты. Жалпы, инноватика – жаңару үдерісі, жаңалық үдерістерінің теориясы, жаңалық ендірулер туралы ғылым. Яғни, педагогикалық инноватика осы ғылым саласындағы жаңалықтар үдерісін зерттейді. Бұл мәселені шетелдік К.Ангеловский, М.В.Кларин, В.Я.Ляудис, М.М.Поташник, С.Д.Поляков, Т.И.Шамова, В.И.Загвязинский, П.И.Пидкасистый, Н.И.Лапин, А.И.Пригожин, Ю.Н.Кулюткин, А.К.Маркова, Н.Д.Никандров, Я.А.Пономарев, В.А.Сластенин, Л.С.Подымова, және отандық Ш.Т.Таубаева, Н.Н.Нұрахметов, С.Н.Лактионова, Е.З.Батталханов, Қ.Қ.Қадашева, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Г.К.Нұрғалиева, К.Бұзаубакова, С.Д.Мұқанова, М.М.Мұқаметқалиқызы және т.б. педагог ғалымдар зерттеген.

Инновациялық технологиялардың пайда болуы, мәдени байланыстың кеңеюі мен тереңдеуі, ақпараттар ағынының сапасы мен санының тұрақты түрде артуы уақытпен бірге қарқын алып отырған ақпараттар ағынына бейімделу тәсілдерін меңгеру үшін тиісті ептіліктер мен білімді қажетсінеді. Бұл үшін ақпаратты қабылдау және есте сақтау қабілетімен бірге оны шығармашылықпен өңдеу, мәселелерді көріп, оларды шеше білу керек.

Сондықтан да білім берудің алдына төмендегі міндеттер қойылады: жас ұрпақтың осы заманғы әлеуметтік-мәдениеттік жағдайға әлеуметтенуі сынды күрделі мәселені шешу, оның өзіндік өзектілігі арқылы сәйкестік сипатын иеленіп, шығармашылық мүмкіндікті дамытуына жол ашатын ізгілік түсінігін қалыптастыру.

Қазіргі заман жаңашылдық, жаңа көзқарас, жаңалықтар заманы. Өмір сүру барысында біз жаңа өнімдерді, заттарды, білімдерді, идеяларды кездестіреміз. Олай болса, оқыту үдерісі, әдістері де осы жаңашылдықтарға сәйкес болуы тиіс.

Яғни, біз студенттерді оқытудың жаңа әдістерімен таныстырып, тәжірибеде қолдана білуге үйретуіміз керек. Жаңалықтардың түрлеріне келер болсақ, алдымен білім берудің мақсаты мен міндеттеріне негізделетін жаңалықтар, оған: материалдық және рухани; құрылымдық және технологиялық; негізгі, іргелі, стратегиялық жаңалықтар жатады. Білім беру ұйымдары мен саласындағы жаңалықтарға: жаһандық, ұйымдық, жеке және аяқастынан туындаған және ірі және ұсақ, сырттан келетін және ішкі, сыртқы жаңалықтар жатады. Сонымен қатар, жаңалықтар белгілі бір өлшемдермен өлшенеді. Мысалы ғалым К.Ангеловский төрт өлшемді анықтаған: біріншісіне жаңалық енгізілетін саланы жатқызса, екіншіге – жаңашылдық үдерісті және жаңалықтар енгізу амалын, үшіншіге жаңашылдық іс-әрекеттердің ауқымы мен көлемін, төртінші критерийге жаңалықтардың пайда болуын жатқызған. Жаңашылдық үдерісі белгілі бір кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

- жаңалықты табу (іздеу, қалыптастыру және бейімдеу);
- қалыптасқан жаңалықты зерттеу: тәжірибеде тексеру, бағалау, сынау және ғылыми-педагогикалық тұрғыдан сараптаудан өткізу;

- жаңалықты мамандар тарапынан қайта қарау және кемшіліктерін түзету;
- жаңалықты қолданысқа ендіру, теориялық тұрғыдан зерттеу, тәжірибеде қолдану;
- жаңалықты одан әрі дамыту.

Оқытудың инновациялық әдістері соңғы нәтижеде болашақ маманның құзіреттілігіне ықпал ететін студенттердің инновациялық және шығармашылық тәжірибелер жинақтауына ықпал етеді. Инновациялық деген ұғымды біз жаңа, жаңашыл деп қолдандық. Оқытудағы инновацияның мәні, оқытудың жаңашыл әдістерінде, сонымен қатар білім алушылардың белсенділігі мен динамикалығы арқылы анықталады. Оқытудың белсенді әдістері (ОБӘ), шындығына келгенде, интерактивті (ағылшынның interaction сөзінен алынғанда, динамикалық ықпал ету дегенді білдіреді), себебі белсенді әдістер ықпал ету әдістерінен оқытушы мен білім алушылардың қарым-қатынастарына ұласады. Бұл дегеніміз тұлғаның өзін-өзі дамытуының жолы болып табылады. Инновацияны мазмұны, құрылымы, сипатына байланысты әртүрге бөліп қарастыруға болады. Мысалы мазмұнына байланысты ғалымдар: модификациялық, комбинаторлық, радикалдық, деп бөлген. Модификациялық инновация дегеніміз, қолда барды дамыту және оның түрін өзгерту, бұған В.Ф.Шаталовтың математикадан жазған тірек конспектісін жатқызамыз. Комбинаторлық инновация, бұрын қолданыста болмаған белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру, мысалға әдебиет пен тілді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел бола алады. Радикалдық инновация, білім беру жүйесіне мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен өлшемдерді, деңгейлік және сапалық оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады. Сипатына байланысты саяси-әкімшілік, білім беру жүйесіне өзгерістер саяси билік тарапынан әр түрлі әкімшілік шаралардың көмегімен енгізілуі, нормативті-редуктивтік, яғни ең алдымен мамандар енгізілетін жаңалықты сараптап, даярлайды одан кейін оқытушылар дайындықтан өтеді содан кейін жаңалық қолданысқа енеді. Эмпирикалы-рационалдық, мұнда зерттеу, дамыту және тарату кезеңдері бірте-бірте кезектесіп жүзеге асырылады.

Педагогикалық технологиялардың жіктелуі:

- іс-әрекет бағыты бойынша;
- пәннің түрлері бойынша (гуманитарлық, техникалық, жаратылыстану);
- қолданатын техникалық құралдар бойынша;
- оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша (жеке, топтық, аралас);
- әдістемелік тапсырмалар бойынша (бір пәнге қолданатын технология, құралдар, әдістер) А.Я.Савельев бойынша.

Н.В.Бордовская мен А.А.Реанның жіктемелері:

- құрылымдық-қисындық оқыту технологиясы;
- ойын технологиясы;
- компьютерлік технология;
- диалогтық технология;
- тренингтік технология.

Г.К.Селевко екі топқа бөліп жіктейді:

1. Педагогикалық қарым-қатынасты демократиялық және гуманистік негізде құру технологиясы, мұны үшке бөліп қарастыруға болады: ынтымақтастық педагогикасы; гуманистік оқыту технологиясы (Ш.А.Амонашвили); адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға арналған әдебиеттерді оқыту жүйесі (Е.Н.Ильин).
2. Оқушы әрекетін жетілдіру, жандандыру негізіндегі оқыту технологиялары: қолдану деңгейіне қарай (жалпы педагогикалық, жеке пәндік, салалық және модульдік, тар әдістемелік); философиялық негізіне қарай (материализм, диалектика, гуманизм, прагматизм т.б.); психикалық дамудың жетекші факторына қарай (биогенетикалық, әлеуметтік, психогенетикалық, идеалистік); игерудің ғылыми тұжырымдамасына қарай (ассоциалды-рефлекторлық, дамытушы, интериоризаторлық, бихевиористік, Гештальт технология т.б.); тұлғаға бағдарлау бойынша (ақпараттық, операциялық, өзін-өзі дамыту, эвристикалық т.б.); мазмұндық және құрылымдық сипатына қарай; ұйымдастыру түріне

қарай (жеке, топтық, аралас); ақыл-ой қызметін басқару түріне қарай (компьютерлік оқыту, бағдарламалық оқыту, ОТҚ көмегімен оқыту, шағын топтар жүйесі және т.б.); оқушымен қарым-қатынас жүйесіне қарай бөлінеді.

3 дәріс. Оқу әрекеті және оның негізгі компоненттері.

Жоспары:

1. Оқу әрекеті туралы түсінік.
2. Оқытудың түрлері мен негізгі компоненттері.

1. Оқу әрекеті туралы түсінік.

Оқу- оқушы педагогикалық жағдайда қандай қызмет атқаратынына тәуелді белгілі-бір әрекеттерден құралады. Олар мыналар болуы мүмкін: сырттан келетін ақпараттарды пассивті қабылдау және меңгеру; ақпараттарды белсенді өз бетінше іздестіру және пайдалану.

Бірінші жағдайда студентті педагогтың қалыптастыру әсерлерінің объектісі ретінде қарастырады. Онда үйренудің негізінде оған белгілі-бір әдістердің негізінде дайын ақпараттарды, дайын білімдер мен икемділіктерді беру жатады.

Оқыту (грек тілінен аударғанда “адамға жол” – мақсатқа қол жеткізу тәсілі, білім алу жолы) әдісі – ақпараттарды қайта өңдеу арқылы белгілі-бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған педагог пен оқушылардың өзара әрекеттестік тәсілдерінің біртіндеп алмасуы.

Оқытудың формасы – бұл оқушылардың білім алуы барысындағы оқушылар мен оқытушының ұйымдасқан өзара әрекеті:

- фронтальды, индивидуалды, топтық, сыныптық-сабақтық, кешкі және т.б.;
- сабақ, экскурсия, семинар, дәріс, практикалық сабақтар, өндірістік практика, емтихандар, сынақтар, кеңес берулер.

Әдістің формадан айырмашылығы: әдісте білім алу тәсілі және оқушының өзінің қатысу деңгейі берілген.

Жоғарғы мектепте дәріс, семинар, практикалық сабақтар сияқты оқыту формалары біршама дәстүрлік болып табылады.

Дәріс – негізінде оқытудың түсіндіру-иллюстративті әдісі жатыр (оқытушы түсіндіреді, материалды иллюстрациялайды). Студенттің іс-әрекеті ақпаратты алуға және тануға бағытталған (“таныс-білімдер” қалыптасады).

Семинар мен практикалық сабақтар – негізінде репродуктивті әдіс жатыр (оқытушы тапсырмалар құрастырады, тапсырмалар, сұрақтар береді, ал студент алынған білімдерін, тапсырмаларды шешу тәсілдерін қайта жаңғыртуы тиіс). Бұның нәтижесінде “көшірме-білімдер” қалыптасады.

Оқытудың бұл дәстүрлік әдістерінің негізгі мәні – оқушыларға белгілі дайын білімдерді беру үрдісі.

Дәстүрлік оқытудың ерекшеліктері

Оқыту жүйесінің параметрлері	Дәстүрлік оқыту
1. Басқару бірлігі	Оқу-тәрбиелік үрдіс екі автономды іс-әрекеттердің өзара байланысы ретінде қарастырылады; мұғалімнің оқытушылық және оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттері; оқушылар басқарудың объектісі ретінде, педагог жоспарларын орындаушы ретінде көрінеді.
2. Мақсаттар	Заттық-пәндік білімдерді меңгеру
3. Оқытушының рөлдік ұстанымдары мен	Заттық-ұйғарымдық ұстаным, ақпараттық-

басқару стильі	бақылаушы қызмет атқарады (оқушы танушы “когнитивті” индивид ретінде). Авторитарлы-директивті, репрессивті стиль, оқушылардың инициативасын басады.
4. Оқытушының мотивациялық-мағыналық бағдарлары	Тұлғаның анонимділігі, жабықтығы, барлығына ортақ индивидуалды есеп берушілік, талаптардың өзгермейтіндігі, оқушылардың жеке тәжірибесін толықтыру
5. Оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың сипаттамасы	Репродуктивті білімдер, үлгі бойынша әрекет жасау орын алады. Іс-әрекеттің орындаушы оперативті-техникалық қырын меңгеру мағынаға және мақсатқа бағыттылықты басып озады. Жеке элементтерді орындауға жаттығу оның жүйелік ұйымдасуын жасыра отырып, іс-әрекеттің ойын және мағынасын басады. Тапсырмалар жүйесі сырттан берілген мақсаттар логикасында құрылады. Тапсырмалар оқушылардың қол жеткізген шегіндегі индивидуалды айырмашылықтарды бекіте отырып, оқушылардың индивидуалды дарындылық деңгейлерін дифференциациялауға есептелген.
6. Өзара әрекет формалары	Мұғалім берген мақсаттар мен оған қол жеткізудің жоспарлары оқушылардың индивидуалды оқу жұмысының орындаушы стильін анықтайды. Оқу өзара әрекеттерінің жетекші формасы – үлгілерге еліктеу, имитация, еру. Оқытушыға еру позициясы. Әлеуметтік және тұлға аралық өзара әрекеттердің біртектілігі. Педагог пен оқушы арасындағы конфликттер мен агрессивтіліктің туындауының жоғарғы ықтималдылығы.
7. Қарым-қатынастар формасы	Бақталастық бірлесіп жұмыс істеуді басады.
8. Бақылау және баға	Қатаң берілген шектегі сыртқы бақылау басым болады. Өзіндік бақылау ригидтілігімен және жағдайлығымен ерекшеленеді. Жаксы баға үшін күресте бақталастық көтеріледі. Сыртқы – мотивация (мұғалімнің бағасы). Оқу жұмысы таным қызығулары мен оған тұлғалық үлес қосу үшін емес, жазалаудан қашу, дәрежесін жоғалтудан қашу үшін орындалады. Көтерудің біртекті формалары, жаман баға алудан қорқу – оқудың жетекші эмоционалды құрамдас бөлігі.
9. Мотивациялық-мағыналық позициялар	Оқу құндылықтары мен тапсырмаларынан бөлектену, оқуды жек көру, танымдық

	мотивтер жағдайынан алшақтау.	спектрінің іштей	тарылуы. психологиялық	Оқу
--	-------------------------------------	---------------------	---------------------------	-----

4 дәріс. Оқыту тұжырымдамасы және оның негізгі тәсілдері. Білім беру жүйесіндегі оқытушылық және оқыту теориясы.

Жоспары:

1. Оқыту тұжырымдамалары.
2. Оқытушылық және оқыту теориясы.

1. Оқыту тұжырымдамалары.

1995 жылы республикалық референдумда елдің жаңа Конституциясы қабылданды. Ата Заңымызға сәйкес, Қазақстан Республикасында президенттік билік жарияланды.

I бөлім. Жалпы ережелер.

II бөлім. Адам және азамат.

III бөлім. Президент.

IV бөлім. Парламент.

V бөлім. Үкімет.

VI бөлім. Конституциялық кеңес.

VII бөлім. Соттар және сот төрелігі.

VIII бөлім. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару.

IX Бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер.

Жаңа қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мынадай міндеттерді шешуге:

Бірінші, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуге (интеграция);

Екінші, педагог қызметкерлерді мәртебесін көтеруге;

Үшінші, сапалы білім берудің қол жетімділік кепілдігін көтеруге;

Төртінші, басқару және қаржыландыру жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес қазақстандық әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу міндеті: «Білім берудің құрылымы мен мазмұнын жаңарту»; «Оқыту технологиясын жетілдіру»; «Білім беру сапасының ұлттық бағалау жүйесін дамыту» жолдары арқылы шешіледі.

Жаңа Заңның 7-тарауының 51-бабына сәйкес педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі көрсетілген. Педагог қызметкердің кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтық қызметпен айналысуға; ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтық практикаға жаңа өзгерістер енгізілген.

(Бастауыш білім – 4 жыл, 1-4 сыныптар; Негізгі орта білім – 6 жыл, 5-10 сыныптар; Жалпы орта білім – 2 жыл, 11-12 сыныптар).

Бастауыш білім берудің оқу бағдарламалары баланың тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін дамытуға, оқуға деген икемін қалыптастыруға бағытталады.

Негізгі орта білім беруге арналған оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негізін иегруге, олардың жеке адамдар арасындағы және этносаралық қарым-қатынастарда жоғары мәдениеттілігін қалыптастыруға, тұлғаның өзін тануы мен кәсіптік бағдарын айқындауға бағытталады.

Жалпы орта білім беруге арналған оқу бағдарламалары бейіналды дайындық пен бейіндік бағдарламаларын жүзеге асыруға көзделген. Бұл бағдарламалар білім алушыларға оқудың жеке траекториясын таңдауға және алдағы уақытта әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми бағыттар бойынша оқуына педагогикалық қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Жаңа заңда техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұны мен құрылымы өзгерді. Білікті техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрларын даярлау негізгі орта білім беру базасында (10 сынып) және кәсіптік лицейлерде, училищелерде, колледждерде және жоғары техникалық мектептерде жалпыбілім беру базасында (12 сынып) жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасының Еуразиялық аймаққа кіруі, ХХІ ғасырға аяқ басуы ел Президентінің «Қазақстан – 2030» атты стратегиялық бағдарламасына сәйкес жаңа техника мен технология процестерінің дамуы келешекте жоғары оқу орындарында білім беру бағыттары.

Дүниежүзілік тәжірибеде мемлекеттің саяси-әлеуметтік, экономикалық деңгейін бағдарлау үшін «адамның даму индексі» деген ұғым пайдаланады. Бұл ұғым негізінен 3 құраммен сипатталады: 1) ұзақ өмір сүру; 2) білімділік; 3) өмір сүру деңгейі. Ал, бірінші, екінші құрамдар тікелей білімділікке тәуелді. Білімнің қоғамдағы ролі туралы 1988 жылы Парижде өткен Нобель сыйлығы лауреаттарының «ХХІ ғасырдың табалдырығында» атты конференциясында былай делінген: «Білім – басқарудың бір түрі ретінде жекеленген адамдармен қатар барлық халыққа бірдей тиісті болуы қажет». Бұдан білім беру сапасын арттыру мәселелерін шешу, мемлекеттің әлем деңгейінде тиісті орнын табуға, алдыңғы қатарлы дамыған елдермен ғылым, экономика және саясат салаларында бәсекелестікке түсуге мүмкіндік беретіні айқын.

Заманның жаңа даму сатысында білім беру жүйесі қоғамның жаңа экономикалық саясат, әлеуметтік және интеллектуалдық деңгейіне сай келуі тиіс. Осыған орай, білімнің мақсаты, мазмұны және оны оқыту тәсілдері қайта қаралып, оқу жүйесін реттеу, ұйымдастыру мәселелері зерттеліп, өз шешімін табуды қажет етеді.

2. Оқытушылық және оқыту теориясы.

Педагогикалық іс-әрекеттің ең маңызды жағы – іс-әрекетте педагогтың өзін-өзі жетілдіру мен оқытуға бағытталған білімділігі, тәртіптілігі, дамытушылық қабілеті.

Кәсіби іс-әрекет арнайы білімді талап етеді, яғни, сол кәсіпке байланысты қажетті арнайы білім, білік, дағдылар жүйесін меңгеру.

Кәсіби педагогикалық іс-әрекетпен шұғылданатын адамды: тәрбиеші, мұғалім, оқытушы, педагог деп атайды. Бұл оқу, тәрбие беру мекемелеріне байланысты: *тәрбиеші – бала бақшада; мұғалім – мектепте; оқытушы – техникум, училище, жоғары оқу орындарында. Педагог* – осы түсініктерге жақын, «туыс» ұғым.

Кәсіби іс-әрекеттің бір түрі - педагогикалық іс-әрекет, оның мазмұны оқыту, тәрбиелеу, білім беру, дамыту. «Кәсіби іс-әрекет» ұғымының ауқымы «педагогикалық іс-әрекет» ұғымынан гөрі кеңірек, өйткені, мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті осы проблеманы зерттеген мамандардың пікірінше: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, әлеуметтік-мәдени, психотерапевтік, қатысымдық және т.с.с. функционалдық элементтерден тұрады.

Педагогикалық іс-әрекет аясында мұғалім оқушымен қарым-қатынас процесінде ғылымды байланыстырушы рөлін атқарады. Ендеше мұғалім білім мазмұнын бере отырып, ұжымдық субъектілердің іс-әрекетін жеке субъектілердің жеке іс-әрекетіне айналдыру процесін ұйымдастырады, сөйтіп жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді.

Сонымен, педагогикалық іс-әрекет – педагогтың білім мазмұны мен оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудағы белсенділігі, ол адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық іс-әрекетті зерттеушілер оның құрылымында мынадай функционалдық элементтері бар жүйе ретінде қарастырады. Олар:

педагогикалық өзара іс-қимыл субъектісі мен объектісі, олармен бірге іс-әрекеті, оқыту мақсаты және қатынас жасау құралдары;

оқушы мен мұғалім, оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты, мазмұны, процесі және ұйымдастыру түрлері;

педагогикалық ықпалдың мақсаттары субъекті мен объектіні, мазмұны мен құралдары, нәтижелері.

Педагогикалық іс-әрекет кәсіби, кәсіби емес те бола алады екендігін түсіндіруге талпыныс жасадық. Кәсіби емес іс-әрекет отбасында ата-ананың баланы тәрбиелеуі болып табылады. Бірақ, отбасында баланы оқытумен, тәрбиелеумен арнайы шақырылған педагогтар айналысуы мүмкін.

Кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің негізгі белгілері:

онымен міндетті білім, дағдыны меңгерген арнайы адам шұғылданады;

оны жүзеге асыру үшін белгілі формалары болады: сабақ, «сынып»;

бұл іс-әрекет белгілі бір мақсатты көздейді: баланы белгілі бір нәрсеге үйрету; белгілі бір білімдер жүйесін беру; белгілі бір білік, дағды қалыптастыру, білім алуда кеткен ақаулардың орнын толтыру; адам етіп шығару; қабілеттерін, қызығушылықтарын, ойлау, елестету, т.б. дамыту;

оқыту, білім беру, тәрбиелеудің мазмұнын анықтау;

баланың педагогпен «ерекше» қарым-қатынасы (іскер, ресми, регламенттік, т.б.);

педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелерін тексеру, яғни, мұғалім үйреткен білім мен біліктердің қорытындысы;

нағыз педагог регламенттік іс-әрекетпен ғана шектелмейді – ол, өзінің оқушыға әсер етуде барлық мүмкіншілігін пайдаланады: дәстүрлі емес әңгімелер, сенімді әңгімелесу; баланы ойландырып жүрген мәселелерді талқылау, кеңес беру, көмектес

5 дәріс. Оқыту түрлері мен әдістері

Педагогикалық процесте оқыту процесі ерекше орынға ие. Оқыту барысында білім, білік, дағды және жеке қасиеттер қалыптастырылады. Оқыту процесінің теориялық негізін, оның заңдылықтарын, принциптерін, әдістерін және т.б. мәселелерін педагогиканың өзекті саласы- дидактика атқарады. Дидактиканы дамытуда Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, И.Ф.Гербарт, Д.Дьюи, К.Д.Ушинский, П.Ф.Каптерев, М.А.Данилов және т.б. үлкен үлес қосты. Бұл ұғымды алғаш рет ғылыми тұрғыдан ендірген неміс педагогы Вольфганг Ратке (1571-1635). Дидактика гректің *didaktikos*-оқытушы, үйретуші деген сөзінен шыққан.

Дидактика ғылым ретінде төмендегідей мәселелерді қарастырады:

- Не үшін оқытамыз (оқыту мен білім берудің);
- Кімді оқытамыз (оқыту субъектілері);
- Оқытудың қандай стратегиялары тиімді (оқыту принциптері);
- Неге оқытамыз (білім беру, оқыту мазмұны);
- Оқытуды қалай ұйымдастырамыз (оқытуды ұйымдастыру формасы);
- Оқытуға қандай құралдар қажет (оқулықтар, оқу құралдары, компьютерлік бағдарламалар, дидактикалық бағдарламалар және т.б.);
- Оқыту нәтижесінде неге қол жеткіземіз (оқыту нәтижелерін сипаттайтын көрсеткіштер мен өлшемдер);
- Оқыту нәтижелерін қалай бақылау мен бағалауға болады (оқыту нәтижелерін бақылау, бағалау әдістері).

Оқыту теориясы әдетте дидактика деп аталады. Дидактика сөзінің мәні – гректің *didasko* – «үйретемін», «оқытамын» деген ұғымынан бастау алған.

Дидактика «нені оқыту», «қалай оқыту» мәселелерімен шұғылданатындықтан мұны оқыту теориясы тұрғысынан ұғынып оқыту процесіне қатысты оқушыға білім беру, оқыту заңдылықтарына байланысты ақыл-ой тәрбиесінің негіздері жүйесінен қарастырылады.

Оқыту технологиясы негіздері – білімнің мазмұнын айқындайтын оқу жоспары, оқу бағдарламасы, оқулық пен оқу құралдарымен оның әдістеме саласындағы білім, тәрбие беру жүйесіндегі заңдылықтарды бір-бірімен бөлмей бірлікте қарайды.

Дидактика оқу орындарында оқытылатын барлық пәндерге қатынасты, ортақ заңдылықтар мен ережелерді талқылайды. Сондай-ақ оқытудың негізгі мазмұнына байланысты мәселені меңгеру әдістері мен оны ұйымдастыру түрлерін анықтайды. Былайша айтқанда, дидактика оқыту принциптерін, оқытуды ұйымдастыру әдістері мен түрлерін білдіреді. Сонымен қатар дидактика жеке пәндерді оқыту ерекшеліктеріне ерекше зейін қояды. Жеке пәндерді оқыту, білім беру, тәрбиелеуді пәндік дидактика, немесе сол пәннің әдістемесі деп те атаймыз. Дәлірек айтқанда, жеке пән әдістемесі жалпы дидактикаға сүйенсе, жалпы дидактика тиісті деректерді жеке пән әдістемесінен алып пайдаланады. Дидактиканың негізгі категориялары – білім беру, оқыту, сабақ жүргізу, оқу, оқыту принциптері және мұның құрамды бөлімдеріне тиесілі міндеттері, мазмұны, түрлері, әдістері, құралдары, оқытудың нәтижелі түрде жүзеге асуына негіз болып табылады. Дидактика үнемі дамып, өркендеп отыратын сала. Өйткені білім беру мен оқытуды терең зерттеп, оны меңгермейінше ғылымды жетілдіріп, өмір талаптарын орындап уақыт мәресінен шығу мүмкін емес.

Оқыту – танымдық іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық негіздері. Оқыту – ұстаздар мен шәкірттің бірлескен әрекеті. Оқыту үрдісінің логикасын оның құрылымы анықтайды. Ал құрылымды танымдық іс-әрекеттің кезеңдері бойынша сипаттасақ, ол көбінесе мына жүйеде болады:

- танымдық міндеттерді жете түсіну;
- жаңа деректер мен түсініктерді қабылдау;
- ұғыну – жаңа деректер мен түсініктерді көңілге қондырып, ойлану;
- білімдік мағлұмат атқарылған іс-әрекетке байланысты дағдыны қалыптастырып, оны бекігуді жетілдіреді;
- меңгерген материалдарын өмір практикасында жүзеге асырып, іс жүзінде нақты қолдана білу;
- оқушының ұғым-түсінігі мен атқарған іс-әрекетінің қандайлық дәрежеде екендігін талдап, меңгерген дағдысын тексеру, бағалау.

Танымдық ұғым түсінікті болса және онда қойылған міндет айқын болса, оқушының өздігінен ізденіп, тиісті сауалдың шешімін табуға ынталы кіріседі де оқыту процесіндегі заңдылықтар тиісті ретімен жүзеге асады. Сабақ барысында жаңа деректермен танысып түйсінуді, қабылдауы оны ұғынуға жол ашады. Өйткені қабылдау – адамға тікелей әсер ететін заттар, немесе құбылыстың санада бейнелену процесі болса, ал түйсінудің сананың сыртқы әлеммен байланысы тұрғысынан түсінеміз, былайша айтқанда түйсік сезім мүшелеріне әсер еткен құбылыстардың шартты бейнеленуі.

6 дәріс. Мәселелік оқыту психологиясы

Жоспары:

1. Мәселелік оқыту ұғымы
2. Мәселелік оқыту технологиялары мен мәселелік оқыту психологиясы.

Мәселелік оқыту - оқушы оқыту процесінде мәселелерді шешуге ұмтылатын оқытуды айтамыз. Ол қазір ақыл-ой күштерінің, таным белсенділігінің, шығармашылық ойдың өздігінше дамуы сияқты күрделі тапсырмаларды шешудің бір тәсілі ретінде қарастырылады. Бұл жаңа педагогикалық құбылыс емес. Мәселелік оқытудың элементтерін сократтық эвристикалық әңгімелесулердің өзінде көруге болады. Мәселелік оқытудың негізгі басты ұғымы «мәселелік жағдай» болып табылады.

Мәселелік жағдай (немесе мәселелік жағдаят) – қандайда бір қажетті іс-әрекетті жасау немесе бір нәрсені ұғыну үшін білімнің немесе белгілі әдіс-тәсілдердің

жетіспеушілігі пайда болғанда туындайды, яғни білім мен білімсіздік арасында қарама-қайшылық орын алады.

Мәселелік оқыту дегеніміз оқушы оқыту процесінде мәселелерді шешуге ұмтылатын оқытуды айтамыз. Ол қазір ақыл-ой күштерінің, таным белсенділігінің, шығармашылық ойдың өздігінше дамуы сияқты күрделі тапсырмаларды шешудің бір тәсілі ретінде қарастырылады.

Мәселелік оқыту – бұл жаңа педагогикалық құбылыс емес. Мәселелік оқытудың элементтерін сократтық эвристикалық әңгімелесулердің өзінде көруге болады. Мәселелік оқыту идеясы мен принциптері ойлау психологиясын зерттейтін кеңес психологтары С.Л.Рубинштейнмен, Д.Н.Богоявленскиймен, Н.А.Мечинскиймен, А.М.Матюшкинмен, Т.В.Кудрявцевпен және көрнекті дидактар М.А.Даниловпен, М.Н.Скаткинмен жасалды. Соңғы жылдары бұл сұрақтармен М.И.Махутов айланысады.

Қазіргі уақытта мәселелік оқытудың идеялары мен ғылыми концепциялары арнайы түсіндіруді қажет ететін бірқатар ұғымдар мен терминдерден тұрады. Мәселелік оқытудың негізгі басты ұғымы «мәселелік жағдай» болып табылады.

Мәселелік жағдай (немесе мәселелік жағдаят) – қандайда бір қажетті іс-әрекетті жасау немесе бір нәрсені ұғыну үшін білімнің немесе белгілі әдіс-тәсілдердің жетіспеушілігі пайда болғанда туындайды, яғни білім мен білімсіздік арасында қарама-қайшылық орын алады. Оқушының алдында мәселе тұрады, оған кейбір байланыстар мен қатынастар белгілі, бірақ ол қандайда бір үзілісті де сезінеді, сонда мазасыздық сезімі пайда болады. Ол, өз білімінің қандайда бір негізінің болғандығынан, егер ойланса, ізденсе, онда бұл жағдайдан шығу жолын табуы мүмкін екенін сезеді. Кейде, мәселелік жағдайды «білімсіздік туралы білім» деп те айтады, бұл жалпы алғанда оның болмысын дұрыс бейнелейді.

Мәселелік жағдай, тек егер оқушының бұл жағдайдан шығуды, туындаған және сезінген қайшылықты жоюды қалауын, тілеуін тудыра алатын болса ғана, үлкен оқытушылық құндылыққа ие болады. Бұндай қалау барлық жағдайда туындай бермейді. Оның көрінуі үшін мынадай екі шарттың орындалуы қажет: мазмұны жағынан жағдай оқушылар үшін қандайда бір қызығушылық танытуы керек, және олар мәселені шешуге, нақты бір нәрсе жетіспесе де өздерінде қандайда қажетті білімнің бір бөлігі болғандықтан, жалпы алғанда күштері жететінін сезуі керек.

Бұндай қалауды тудыру - танымдылық қажеттілігін (жаңаны білу қажеттілігі) - мәселені шешуді қолға алу сәтін бейнелейді.

Мәселелік жағдайдың екі жағы бар: пән - мазмұндылық (қайшылықтарды бөліктеу, негізгі білімнің барлығы, қандайда бір нақты білімнің жетіспеушілігі) және мотивациялық (қайшылықтың көрінуі, қызығушылықтың оянуы және оны жоюды қалау, қандайда бір жаңа жетіспейтін білімді алу шартында оны шешу мүмкіндігін бағалау).

Мәселені шешуді қолға алып және оны белгісізден белгіліні айыратын сөз түрінде көркемдегеннен кейін, - ол мәселелік тапсырмаға айналды. Сол тапсырманы шешу процесінде ғана жетіспейтін білімді алуға және түсінуге, ұғынуға болады.

Мәселелік оқытумен байланысқан барлық ұғымдарына, - мәселе, мәселелік сұрақ, мәселелік тапсырма, мәселелік жағдай - ортақ және оларды байланыстыратын: а) білім мен білімсіздік арасындағы қайшылықтың бар болуы және б) оны шешудің дайын (стандартты) әдіс-тәсілдерінің жоқтығы болып табылады.

7 дәріс. Оқыту іс-әрекетінің психологиясы.

Оқыту – жеке адамның білімін, танымдық және шығармашылық қабілетін дамытудың маңызды құралы.

Оқыту теориясы мен тәжірбиесі дамуында жалпы заңдылықтарының бірі дидактикалық жүйелерінің күшті қасиеттерін, идеяларын, тәжірбиесін өзіне сіңіріп алады. Дидактика тарихында оқытудың үш түрі қалыптасқан:

1.Түсіндірмелі-бейнелеушілік оқыту (дәстүрлі).

2.Проблемалы оқыту.

3.Бағдарламалы (компьютерлік) оқыту.

1.Түсіндірмелі-бейнелеушілік оқыту дәстүрлі оқыту деп аталады. Бұл тарихта ұзақ уақыт бойы өз қолданысын тапты. Дәстүрлі оқыту жаңадан пайда болған түсіндіру жолдары мен көрнекіліктің өзіне жатқызып отырады. Мұнда оқушылардың негізгі іс-әрекеті берілген білімнің мазмұнын таңдау, қабылдау, есте сақтау.

Түсіндірмелі- иллюстрациялы оқытудың артықшылықтары:

- Уақытты үнемдейді;
- Мұғаліммен шәкірттердің күш-қайратын жетілдіреді;
- Күрделі білімдерді қабылдауды жеңілдетеді;
- Оқыту процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді;

Түсіндірмелі-иллюстрациялы оқытудың кемшіліктері:

- Оқушылардың дайын білімді жаттап алуы;
- Шәкірттердің өз бетінше ойлануына қажетті көңіл бөлінбеуі;
- Дара және бөліп оқыту мүмкіндіктерінің жетімсіздігі;

Проблемалық оқытудың өзі- бұл шығармашылық процесс: бейқалыпты ғылыми оқу мәселені бейқалыпты әдістермен шешу.

Соңғы кезде кең тараған оқу түрінің мәні: мұғалім жаңа білімді дайын түрде баяндамай, оқушылардың алдына проблемалық сұрақтар қойып, олардың шешудің жолдары мен тәсілдерін іздеуге бейімдейді. Оқыту формасы әдіспен, амалдарға, құралдарға, оқушылардың іс- әрекетіне тәуелді болады. Ресей педагогы Чередов И.М. бойынша: «Педагогикалық іс- әрекетті бұл бірімен – бірі, өзара байланысты ықпалдасық, әсер етушілік белгілі бір тапсырманы орындау кезіндегі оқушылар мен мұғалімнің қарым-қатынасы» деп түсіндіріледі. Оқытудың формасы – оқыту үрдісінің белгілі бір оқу материалын игеру барысындағы оқушының оқу іс- әрекетін басқару мен оқу тәсілдерін меңгерумен сабақтас. болып саналады. Сабақтың сыртқы көрінісі оқу материалының ішкі бөліктерінің басын біріктіріп және дидактикалық категория ретінде оқу үрдісін ұйымдастырудың сыртқы пішімін белгілейді, мұның өзі оқушылардың білім сапасының көрсеткішімен өтетін уақыты және орны, оның жүзеге асырылу тәртібі секілді жағдайлармен байланысты.

Педагогикалық сөздікте: «Оқуды ұйымдастыру формасы- оудың -әдіс тәсілдерін тиімді қолдануды жүзеге асыру үшін оқушыларды топтастыру» деп анықтама берілген.

Г.Усмановтың «Педагогика» атты оқулығында: «Оқытуды ұйымдастырудың формасы- бұл мұғалім мен оқушылардың оқу әрекетіне қолайлы жағдай жасау үшін арнайы ұйымдастырылған? белгілі бір тәртіппен өтілетін жұмыс» деп қарастырылады.

Оқытуды ұйымдастырудың формалары-белгілі бір тәртіп пен режим негізінде жүзеге асырылатын оқыту процесін ұйымдатыру тәсілі.

Мектептердің даму тарихыда ұлы педагогтардың тұжырымдамалары және оқуды ұйымдастырудың әртүрлі формалары белгілі. Оның дамып жетілуі, қоғамның қажеттілігі мен сұранысының талап- мүдесіне қатысты.

«Оқытуды ұйымдастыру формасы» ұғымының мәнін ашу үшін оқыту ұғымының педагогикалық анықтамасы на тоқтала кетейік:

Оқыту- жеке адамның қалыптасуының және бірінші кезекте, ақыл -ойы мен жалпы білімін дамытудың маңызды құралы. Оқытудың білім алудың қалған барлық басқа түрлерінен және өздігінше білім алудан мынадай айырмашылығы бар. Ол белгілі бір жүйеде және жоспар бойынша, мұғалімнің басшылығымен өтіп жатқан бағдарлы мақсатқа бағытталған процесс болып табылады. Әрбір пәнді оқыған кезде оқушылар білімнің кейбір жиынтығын меңгереді және сол саламен байланысты белгілі іскерлік пен дағдыға ие болды. Іскерлік – деп іс жүзіндегі қимыл шәкірт алған білімнің негізінде жүзеге асырылатын және жаңа білім алуға алдағы уақытта ықпал жасай алатын әрекет деп айтуға болады.

Сонымен оқытуды ұйымдастырудың формасы ұғымының мәні «Оқыту» және «Ұйымдастыру формалары» деген категориялардың жиынтығы ғана емес, олардың синтезі болып табылады.

Педагогика тарихында ұлы педагогтардың тұжырымдары және оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдері белгілі. Оның дамып, жетілуі қоғамның қажеттілігімен сұраныстың талап-мүддесіне қатысты. Оқытуды ұйымдастырудың формалары бойынша жәктеледі:

- оқушының саны мен құрамы
- жұмыс орны
- оқу жұмысының ұзақтығы

Оқушылар санына байланысты оқытуды ұйымдастырудың формасының жіктелуі мынадай:

Оқыту процесінің әрқашанда мұғалімнің басшылығымен өтеді. Сын көзімен қарамаушылықтың нәтижесінде оқытудың әртүрлі формалары шетел педагогикасынан ауысып, мектептерде қолданылады. Біріншіден, мұғалім ролінің төмендеуі; екіншіден оқушылардың ғылым негіздерінен терең білім алуына зиянды әсер етті.

Шетел мектептерінен ауысып келген оқытуды ұйымдастырудың көптеген формалары қатты сынға алынды.

Ғалым -педагогтардың тәжірибелері бойынша оқытуды ұйымдастырудың формаларын былайша топтастырылады:

- жеке (бір ғана оқушымен жұмыс істейді);
- жеке жұптық (оқушы- оқушымен, мұғалімнің оқушымен қарым- қатынасы, жеке оқушының әзірлік үрдісіндегі қызметімен) айқындалады.
- жеке топтық: топ мектепте жұмыс істейді, бірақ бір мектепте оқытылатын оқушылардың жасы әр шаманы құрайтын топ болады. (оқытудың бұл түрлі орта ғасыр мектептерінде қолданылған).
- Өзара бірлескен оқыту (аталған оқыту жүйесі Англияда пайда болған, атауы Балланкастер жүйесі).
- Саралап оқыту, оқытудың бұл түрі – оқушылардың қабілетіне қарай өтіледі. (Мангейм жүйесі).
- Бригадалық оқыту, тапсырманы бригада алады: бір сыныпта 5-6 оқушы ұйымдасады, есеп беруші – бригадир (оқытудың бұл түрі XX- ғасырдың 20-жылдарына тән).
- Американдық «Винетка- жоспар», «Грамле жоспар» және т.б.
- Оқытудың микротоптық жүйесі (фронтальдық, ұжымдық жұмыс және т.б)

Мектеп практикасының тарихында оқытуды ұйымдастырудың сыныптық оқу жүйесін зерделеу және қорытынды, сабақтың орнықты ғылыми теориясын жасауды алғаш рет қолға алған А.Я. Коменский болды.

Я.А. Коменский «Ұлы дидактика» (1632) атты әйгілі еңбегінде сабақтың бір мезгілде басталуы; сабақтың белгілі бір уақыттағы; сабақ арасындағы үзіліс; топтағы балалардың саны мен жас шамасының біркелкілігі; материалды оқыту қарқынының бірдейлігі; сабақты белгілі бір ұйымдастырылған түрде өткізу мұғалімнің түсіндіруіне оқушылардың назарын аудару; оқушыларға сұрақтар қою, тақырыпты игеруін бақылау сияқты талаптарды қанағаттандыратын оқу сабақтарын өткізетін топтың түрінің тиімділігін және қажетті теория жүзінде негіздеді. Сыныптық оқу аталған топтық оқытудың осындай түрі кеңінен таралып, нығая бастады және қазірдің өзінде жетілдіру үстінде.

8 дәріс. Дәрісті оқыту түрлері. Дәріс сабағында қолданылатын әдістер.

Дәріс – ежелгі гректерде пайда болып, орта ғасырларда Ежелгі Римде одан әрі дами бастады. Алғаш латын тілдерінде жүргізілді. Пән мұғалімі кітаптар оқыды, мәтінге өз тарапынан көзқарас білдірді. Ортағасырлық университеттерде таңертең қарапайым түрде

дәрістер оқылды, ал кешке – қысқаша түрде қайталанып отырды. Дәрістен шыққаннан кейін студенттер бірлесе отырып дәрістің мазмұнын еске түсіріп талдаулар жасады.

Дәріс (латын тілінен «lectio» - оқу жоғары оқу орындарында дәстүрлі және басқаратын оқытудың түрі.

Дәріс – монолог ретінде жүзеге асатын жауапты публикалық қойылым болып табылады. Дәріс беруші аудитория (студенттер) алдында түзетусіз “таза” сөйлеуі қажет. Жазу үстелінде жіберген қателікті оңай сызып тастай алсақ, дәрісті оқу барысында қате жіберу кешірімсіз. Мұның бәрі дәріс берушіден дәріске дайындалу кезінде тіл және баяндау стилімен көп жұмыс істеуді талап етеді.

Мәтіннің қарапайымдылығы мен жеңілдігі жоғарғы мектептегі дәрістің басты жетістігі болып табылады. Анық емес және бұрмаланған мазмұндаманың екі себебі бар: 1) дәріс берушінің жауап беріп отырған сұрағын терең түсінбеуі; 2) өз ойын тыңдаушыларға қарапайым түрде жеткізе білмеуі.

Сөз сөйлеу кезінде демалу реттілігі сақталуы тиіс, оған дайындалмаған адам оттегінің жетіспеушілігіне ұшырайды: қан тамыры кеңейеді, беті қызарады, тер шығады, демалуы мен пульсі жиілейді. Мұны болдырмау үшін дауыс пен демалуды жасқарту жұмыстарын жүргізу қажет, сөздердің арасында білдірмей демалып, бірақ керексіз үзіліс жасамауға тырысу қажет.

Дәрісші аудиториядағы адамдарға, мамандыққа назар аударуы қажет, ол оның шешендік қасиетін көрсетеді. Шешендердің сөйлеуді аяқтауда жиі қолданатын әдістері:

1. Назар аударту.
2. Қорыту.
3. Цитата.
4. Иллюстрация.
5. Жеке ой.

А.Монро сөйлеу мәнері шындықтан алыс мынадай шешендердің түрін келтіреді:

- адамдармен ешқандай қарым-қатынас жоқ, тек өзін көрсету үшін ғана сөйлейтін;
- түсінік туралы ойламайтын, бәрін білетінін көрсеткісі келетін. өзін қолпаштау үшін ғана сөйлейтін;
- өзінің айтқан нәрсесі үшін ұялатын, кінәлі шешен;
- бос сөздермен аудиторияны жалықтыратын мылжың адам.

Дәстүрлі оқыту әдістеріне: ауызша баяндау, әңгімелесу, мәтінді баяндау әдістерін жатқызуға болады. Оқытудың дәстүрлі әдістері мен түрлері көбінесе оқытушы белсенділігі негізінде жүзеге асады.

Дәріске қойылатын талаптар:

1. Жоспар құру және сұрақтарды қисынды етіп қойып, оған нақты жауап беру.
2. Теориялық өзекті мәселелерді анықтап алу.
3. Теориялық білімді өмірмен байланыстыру.
4. Нақты дәлелдер мен дәйектерді жеткілікті мөлшерде қолдану.
5. Логикалық фактілерді келтіре отырып, студенттердің қызығушылығын арттыру, өздік жұмыстарға бағыт беру.
6. Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму сатыларын және солардың жақын уақытта даму барысын болжай білу.
7. Мәтінге арнап әдісті өңдеу.
8. Жан- жақты демонстрациялық оқытуды пайдалану.
9. Қарапайым да, түсінікті тілмен жеткізу, кездескен жаңа ұғымдардың мағынасын ашып беру.

Семинарды өткізудің мақсаты – тәртіп бойынша білімді тереңдету. Білім алушыларға өзіндік ізденіс дағдысын қалыптастыру, ақпаратқа талдау жасауға және ғылыми ойлаудың дамуын қалыптастыру. Семинар–шығармашылық пікірсайыстарға қатысуға, дұрыс шешімдер қабылдай білуге, өзіндік көзқарас танытуға мүмкіндік береді.

Семинарды өткізудің негізгі міндеті: дәрісте алған білімді бекіту, өзіндік

жұмыстардың тиімділігі мен нәтиже беруін тексеру, алдағы мәселені шешуде өзіндік мүмкіндіктерді көрсете білуге машықтандыру;

Семинарды белсенді жүргізу үшін ол басқарушылық, пікірсайыстық сипатқа ие болуы қажет. Пікірсайыс тақырыбын, өзектілігін педагог алдын ала ойластырады.

Дәстүрлі семинарлар: пікірталас семинары, рефераттар мен баяндама қорғау т.б. болып бөлінеді.

Семинар уақыты: оқытушы сөзі 5 минуттан артық емес; негізгі баяндамашы 10-15 минутқа дейін; әрбір студенттердің сөйлеуі 5 минутқа дейін.

Дәстүрлі оқыту – пән оқытушысының белсенділігін көрсетеді. Дәстүрлі оқытуда студенттердің белсенділік таныта алмауына байланысты «жаңа» дәріс түрлері пайда болды. Олар:

- мәселелік дәріс
- кеңес беру дәрісі
- пресс – конференция дәрісі
- екеуара дәріс беру
- әңгіме дәрісі
- пікір сайыс дәрісі
- әдейі қатеге негізделген дәріс
- зерттеу дәрісі
- анық мағынаны талдау дәрісі
- кері байланысты техниканы қолдану дәрісі
- көзбен шолу тағы басқа.

Жаңа дәрістердің түрлері түрлі әдіс-тәсілдерді қамтиды. Кейде дәрісші студенттердің белсенділігін ұйымдастыру барысында «дәріс – семинар» сабақтарын жүргізеді.

9 дәріс. Колледжде және мектепте сабақ оқыту формалары. Жобалау әдісі. Оқытуда пікір-сайыс ұйысдастыру және жүргізу әдістері.

Педагогикалық жобалаудың түрлері мен кезеңдері

Педагогикалық жобалау дегеніміз, оқытушылар мен оқушылардың атқаратын іс-әрекетінің негізгі құрамын алдын ала құрастыру. Педагогикалық жобалау, педагогтың басқа да негізгі қызметінің бірі. Педагогикалық жобалау барысында студенттермен қарым-қатынастың мазмұны, әдістері және құралдары қарастырылады.

Педагогикалық жобалау болашақ іс-әрекетті және оның нәтижелерін болжаудан тұрады.

Жобаның объектісі: педагогикалық процесс

Педагогикалық процесс барысында педагогикалық жағдаят шешімін табуға тиіс. Педагогикалық жағдаят – белгілі бір уақытта, кеңістікте болған уақиғаның сипаты, педагогикалық үрдістің құрамды бөлігі болып табылады.

Педагогикалық жүйені, үрдісті, жағдаятты жобалау- көпсатылы, қиын іс-әрекет.

Педагогикалық жобалау: 3 кезеңнен тұрады:

- 1 кезең – үлгілендіру;
- 2 кезең – жоба құрастырушылық;
- 3 кезең құрастыру технологиясы

Педагогикалық жобалаудың негізгі ұстанымдары:

- адамға бағытталуы (негізгі рөлі адам);
- өзін-өзі дамыту принципі;
- дидактикалық шығармашылық;
- технологиялық шығармашылық;
- ұйымдастыру шеберлігі.

10 дәріс. Психология ғылымын оқытудың мақсаты, әдістері және теориялық ерекшеліктері.

Психология - бұрыннан келе жатқан, сонымен қатар жаңа ғылым. Мыңдаған жылды артқа тастаса да, әлі де зерттейтін мәселелері болашақта. Психология ғылым ретінде психиканың механизмдері мен заңдылықтарын, фактілерін оқытады. Грек тілінен аударғанда «псюхе» - «жан» деген мағынаны білдіреді. Психология - адамның жан дүниесінің қырлары мен сырларын зерттейтін ғылым. Сонымен қатар адамды жануарлармен салыстыра отырып зерттейді. Бірақ бұл психология ғылымының мазмұны деп есептелмейді.

Ал, **педагогикалық психология** бұл салада адамда оқыту мен тәрбиелеу мәселесі қаралады. Баланың ойлау принципін дамыту мен оқу мотивациясын меңгеруін жүйелі басқарып, баланың ақыл ойын дағдыларын қалыптастыру іздестірулер оқып тәрбие жұмысының болуына жол ашады. Педагогикалық психология- оқыту және тәрбиелеу психологиясы деген тараудан тұрады. **Оқыту психологиясы** жалпы дидактиканың жеке пәндері оқыту методика негізін басқарады. Ал тәрбие педагогикасы жас ұрпаққа тәрбие беру негізін және ақыл-ойы кем баланы оқыту, тәрбие мәселесімен шұғылданады. Тәрбие педагогикасы мұғалім педагогикасы деген тағы бір тармаққа бөлінеді. Педагогикалық психология – оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық мәселелерін оқытатын психологияның тармағы. Педагогикалық психологияның пәні және құрылымы, нысаны болады. Педагогикалық психология теориялық және қолданбалы ғылым ретінде қарастырылады.

Педагогикалық психологияның құрылымы: оқыту психологиясы, тәрбие психологиясы, мұғалім психологиясы. Пәні оқыту психологиясы. Оның негізі бағытары оқыту психологиясы мен тәрбиелеу психологиясы аймағын зерттейді.

Негізгі ұғымдар мен терминдер

- | | |
|----------------------------|----------------------|
| • тәрбие | • психика |
| • дидактика | • психологиялық даму |
| • оқыту | • психология |
| • тәжірибе | • даму |
| • педагогика | • табиғи даму |
| • педагогикалық психология | • оқу |
| • педология | |

11 дәріс. Қолданбалы психологияны оқытудың мақсаты мен әдістемелік ерекшеліктері.

Оқу іс-әрекетін қалай қалыптастыру керек? Яғни бұл -әрбір студентті психологияны дұрыс оқуға үйрету. Алайда осы "дұрыс оқу" сөзінің мазмұнына не кіреді? Психологиялық аспектіде проблема былай көрінеді: "бұрын белгісіз болған, қатысушыларда бейсаналық түрде болып, оларда меңгеріліп, атақты болып, объективтіліктен субъективтілікке, материалдыдан идеалдыға айналуының себебі неде?". Бұл сұрақтың жауабы оларды дұрыс оқуға бағыт көрсетеді.

Отандық психологияда 50 жылдары бұл проблемамен П.Я. Гальперин мен оның шәкірттері айналысып, олар ақыл- ой әрекетінің қалыптасу процесін зерттеуден бастаған болатын. «Адамның санасынан тыс болып келген сыртқы, қандай жолмен ішкі ақыл-ойға айналады, яғни оның санасының мүлкіне, оның ақылына тән болуы қандай жолмен жүзеге асады?»- деген сұраққа жауап іздеуде бірте -бірте бұл мәселеге қорытынды шығарылып, бұл П.Я. Гальпериннің ақыл-ой іс- әрекетінің қалыптасуының жоспарлы сатылық концепциясын құрады.

Бұл концепция кең жалпыпсихологиялық маңызға ие, себебі ол жоғарыдағы сұраққа жауап беріп қана қоймай, психология пәнін оқытуда бағыттаушы қызмет атқарады; жануарлардың психикалық дамуынан принципті ерекшеленетін адам психикасының эволюциясы туралы білімді; психикалық іс-әрекеттің түрлері мен формаларын (қабылдау, ойлау, зейін т.б.) және олардың қалыптасу заңдылықтарын оқыту; сондай-ақ идеалды іс-әрекет пен образды т.б. сондай-ақ, психикалық іс-әрекеттің негізгі элементтерінің қалыптасу заңдылықтары туралы оқыту, яғни бұл ақыл-ой әрекеті мен түсініктің қалыптасуы туралы оқыту болып табылады. Ал бұл педагогика тілінде «білім-икем-дағдыны» білдіреді. Бұл психологиялық дұрыс оқытуды үйрететін қазіргі кезеңде қызығушылық тудырып отырған соңғы теориялық негіз болып отыр және әдебиеттерде оқу- «ақыл-ой іс-әрекетінің сатылық қалыптасу теориясы» ретінде танымал.

Осы теорияға сәйкес оқу саналы іс-әрекетті қалыптастыратын іс-әрекет ретінде қарастырылады. «Саналы іс-әрекет - адамның практикалық, танымдық әрекетінің негізгі бірлігін құрайды, ол жеке тұлғаның тәжірибесінде бірнеше өзгерістер мен жағымды (немесе жағымсыз) құрамын өзіне қосу арқылы қалыптасады».

Гальпериннің концепциясында оқу- қатысушыға жаңа білім мен қабілет беретін іс-әрекеттердің спецификалық түрлерінің жүйесі ретінде қарастырылады. Сондықтан бұл теорияны жақтаушылар оқудың мақсаты жұмыс туралы біліммен әрекет ету қабілеті деп санайды. Кез-келген оқу адамға «бір нәрсені істеуге» үйрету үшін қолданылады, ол ізденушіге іс-әрекетінің дұрыс орындалуын қадағалап, бағыттап, дәл, анық білім беруден бұрын, ол үшін нені қалай істеу керек, неліктен тура солай істеу керектігі туралы білім керек. Сонымен қатар маманға жүзеге асқалы жатқан іс-әрекеттің қайсы элементтері әрдайым кәсіби іс-әрекетті қатесіз жүзеге асыратын сенімді бағыт болатынын анықтай білуі қажет. Бұл бағыттың элементтердің жиынтығы оқушыға бұл қызметті оқып-үйренуде ең негізгі әрекеттің нысаналы негізі болуы тиіс. «Әрекеттің нысаналы негізі- бұл адамның әрекетті жүзеге асырудағы шынайы сүйенетін талаптардың жүйесі болып табылады. «Оқушы аталмыш әрекетті білмегендіктен, ол оған енді ғана үйрене бастағандықтан, оқытушы оқушының «қолына» іс-әрекеттің нысаналы негізін ұстатуы тиіс, осыдан кейін ғана оқушы осыған сүйене отырып, өзінің әрекетін орындайды. Басқаша айтқанда адам егер әрекеттің нысаналы негізін (ООД)- қатаң қадағалып, соның бастауымен жұмыс істесе, бұл аталмыш әрекетпен алғаш кездескен адамның өзі де қатесіз жұмыс істеуге мүмкіндігі бар. Осы арқылы ол кез-келген жаңа жұмыс, жаңа қызмет түрі болсын, бұл тіпті тригонометриялық есептерді шығару болсын, хатты орфографиялық сауаттылықпен жазу немесе жаңа самолетті жинау немесе психологиялық құбылыстарды анализдеу болсын кез-келген әрекетке үйренісіп кете алады.

«Кез-келген адамның іс-әрекетінде де жазды П.Я.Гальперин - нысаналы, атқарушы және бақылаушы бөлігі бар. Оқушы оқытушы қамтамасыз ететін нысаналы бөлігіне сүйене отырып, оқушы оқу процесінде әрекеттің атқарушы бөлігінде оқиды.

Оқытудың нақты методикаларының негізінде жүзеге асырылған ақыл-ой әрекетінің этаптық қалыптасуының психологиялық концепциясы оқу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді: мұның нәтижесін оқушының қалыптасқан қызметін қатесіз орындау икемімен, оның басқалармен салыстырғанда уақыт (кейде тәртіп) жағынан әрдайым біршама ерте аяқтайды. Ал жиналған білімнің шыдамдылығы мен сапасы, икемі мен дағдысы басқалардан жоғары тұрады және негізгісі - бұл ешқандай қосымша материалдық, қаржылық, адами (кадрлық) ресурстарды қажет етпейді.

Осы концепция негізінде оқу іс-әрекетінің құрылуының нәтижелілігі гальпериндік топпен ғана дәлелденіп, зерттелген жоқ, бұл П.Я.Гальпериннің мектебімен, оның шәкірттері, жақтаушылары мен жалпы оқытудың практикадағы жолын қушылар да өз үлесін қосты.

Психологияны оқытудың методикасында осы аймақта жетістікке жету үшін бірнеше мүмкіндіктер қажет. Біріншіден, педагогикалық жоғарғы оқу орнында мектептік арнайы пәндерге оқытатын методикаларын даярлайтын студенттермен бірқатар

практикалық, лабораториялық сабақтар өткізілуі тиіс, осы арқылы олар мектепте сабақ жүргізе алады. Екіншіден, психология пәнін жоғарғы оқу орнында мына теориямен сәйкестікте жүргізуге болады: студенттер практикалық психологтың кәсіби қызметін үйренген жағдайда немесе жекеленген іс-әрекетті анализдеу немесе психологиялық құбылыстарды бағалауда көрінеді. Үшіншіден, психология пәнінің оқытушысы осы концепция негізінде құрылған оқытудың белсенді методтарын үгіттеуде шектеусіз мүмкіншіліктерге ие.

Психологияны оқытудың келесі бір маңызды бағыты субъектінің белсенділігінің ерекше формасы ретінде өткен ұрпақтың элеуметтік тәжірибесін жеке тұлғаның қабілетін дамыту үшін бағытталған, оқу іс-әрекетінің анализіне негізделген оқытудың дамытып оқыту теориясы болып табылады. Д.Б. Эльконин. оқу іс-әрекетінің бірлігі "оқу тапсырмасы" болып табылатындығын көрсетеді, ол субъектінің өзіне, оның біліміне, икеміне, көзқарасына, дүниетанымына байланысты. В.В Давыдов оқу іс- әрекеті бұл теориялық білімдерді меңгерту деп анықтама берсе, ал оқу іс-әрекетін қалыптастыру дегеніміз- бұл шығармашылық және өз еркімен оқу қабілетін қалыптастыру болып табылады. Д.Б. Эльконин мен В.В Давыдов 1960-1970 жылдары мектептік тәжірибеде оқытудың дамыту жүйесін жасап, тәжірибеден өткізді. Оның мақсаты - қатысушыларға оқу процесінің барысында оларға білім беріп қана қоймай, оларды кез-келген информацияларды немесе ғылыми бағытта өз еркімен жұмыс істеуге, бағдарлауға үйрету болып табылады. Бұл "мектеп ойлауды үйрету керек" дегенді білдіреді, яғни бұл қатысушылардың қазіргі заманғы ойлау қабілетінің негізін белсенді дамыту болып табылады. Басқаша айтқанда, дамытушы сипат беретін құрылым ұйымдастыру керек.

12 дәріс. Психологияны тереңдетіп оқу мативациясын қалыптастыру.

Қазіргі жағдайда мамандарды кәсіби даярлаудың белгілі бір деңгейіндегі сапасы мен бағыты еңбек нарығында оның бәсекеге түсу қабілетінің негізгі шарты болып табылады. Кәсіби даярлық процесінде жоспарлау, білім алу,өзінің жоғары жеке қабілеті мен қажеттігіне жауап беру мүмкіндігі бар студент еңбек нарығында елеулі орын алуы заңдылық болып табылады. Осыған орай, маманды даярлау сапасы тек қана даму көрсеткіші және оқу орынын тәмәмдау факторы ретінде шешуші ролге ие болып қана қоймай, негізгі өмірлік табысы болып табылады.

Сондықтан жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды білім нәрімен сусындату, өз бетімен білім алуын, өзін-өзі тәрбиелеуін үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Бағдарламаны қабылдау қажеттілігі:

- Психология ғылымының негізгі принциптері мен ұғымын анықтау, заңдылықтарын, негізгі сұрақтарға жауап беруші әртүрлі психологиялық әрекеттерді анықтау, сонымен бірге ол студенттердің дүние жүзі бойынша психологиялық жаңалықтары бойынша мәлімет болуы керек.
- Адамдардың білім жүйесін психикалық әрекеттің субъектісі ретінде, оның белсендіруіндегі заңдылықтары мен ақпараттарды нәтижелеу, танымдары мен өзін - өзі тануы, эмоционалдық күйде қалыптасуы, индивидуалды және жас ерекшелігі бойынша қалыптасуы деп қарастырамыз.

Алынған білім жүйесін практикалық тұрғыда қолдана алу.

Тәртіптің оқу процесінде алатын орны және оның өзге де тәртіптермен байланысы:
Оқудың интерактивті әдістерін қолданудың негізгі бағыттары:

Интерактивті әдісті оқытудың барлық салаларына қолдануға болады.

- ❖ Талғау деңгейінде;
- ❖ Студенттерді болашақ маман ретінде даярлауда ықпалы;
- ❖ Студенттердің практика өтудегі қажеттілігі;
- ❖ Түлектердің болашақ маман ретінде дайындығы;
- ❖ Сабақ өткізудегі деңгейі;
- ❖ Аудиторияда интерактивті қарым-қатынастың түзілуі;

- ❖ Техникалық тәсілдерді қолдану қатынасы;
- ❖ Тапсырмаларды тексеруде қолдану әдістері;
- ❖ Студент белсенділігін арттыру;
- ❖ Мамандыққа байланысты тапсырмалар мен сұрақтарды талқылау;
- ❖ Студенттердің кәсіби әрекетін іске асыру мүмкіншіліктері;
- ❖ Жалпы әдіс барысында қадағалау;
- ❖ Практика өтуге қолдану үшін қолданылатын бақылау;
- ❖ Ғылыми жұмысты зерттеуде қолдану;
- ❖ Білім ресурстарын қолдану үшін құру;

Интерактивті әдісті қолдануда пайда боған негізгі ерекшеліктер:

- Оқу процесінде жаңа материалды меңгеруде қолданылатын интерактивті әдістерде студенттер тек пассивті тыңдаушы емес керісінше олар белсенді қатысушылар болуы тиіс. Аудитория ауыртпалығының бір бөлігі қысқартылып, өзіндік жұмыстың көлемі ұлғаяды.

- Студенттер ақпарат қабылдауда жаңа техникалар мен технологияларды қамтиды; Ақпараттарды өзіндік қабылдауға мүмкіндік болып, оның қолжетерлік деңгейін анықтайды

- Алынған ақпараттың актуалдығы мен оперативтілігі; глобалды шешім қабылдауға әсерін тигізеді, ал қандай да болмасын бір мәселені шешуде ақыл-ойдың кеңеюі байқалады.

Интерактивті әдісті қолдануда студенттер мен мұғалімдер арасында қарым-қатынас эпизодты емес үнемі жүріп отырады. Ол әдіс білімді кеңейтіп, жеке жұмысқа ықпалды әсерін тигізеді[11].

Когнитивті әдіс - Когнитивті әдіс негізінен лингвистикалық әдіске сүйенеді. (семантикалық, мазмұнды) берілген графиктер көмегімен **басты факторларды** анықтауда. Бұл жоталар тура және ауыспалы мағынада да келесі жоталармен тығыз байланысты. Қажетті жота бағытталып, ол қажетті нәтижені береді. (Қажетті нәтижені алу үшін не істеу керек?). Оқытудың когнитивті әдістерінің мазмұны. Бұл әдіс негізінен бір студент өзге де объектіні сезінуімен негізделеді. Сезіну негізінде студент берілген объектіге енеді де ол сол объектіні толығымен тануға тырысады. Мысалы, «Сіз өзіңізді ... алдыңызда тұрған объект ретінде сезініп көріңізші әуендік, тіпті сурет ретінде де болуы мүмкін). Нәтижесінде бірнеше сауалдар қатары қойылуы мүмкін. Мысалы, « Бұл объект түзілуінің негізгі себебі неде? Ол қалай құрылған, оның ішінде не түзілген? Не себепті ол басқа емес, ал осындай? ». Осының нәтижесінде студент өзінің алдында тұрған объектіні сезінеді дағы, ол өзінің алдына қойған сауалына жауабын табады. Осы сәтте пайда болған ойлар мен сезінудің өзі студенттің эвристикалық қалпы деп танылады, осының нәтижесінде кейін ол қандай да болмасын қалыпта түзіледі, (ауызша, жазбаша, қозғалыс әуендік, тіпті сурет ретінде де болуы мүмкін).

Дельфи әдісі - Қатысушылардың келешекте эксперттің қойылған тапсырмасына нәтиже беруші жасырын түрдегі жазбаша тек қана эксперттерде жаңа идеялар пайда болғанда ғана немесе алға қойылған бағыт мақсатына жеткен жағдайда тоқтатылады. Дәріс беру барысында жоғарыда ұсынылған әдістер тиімді болары сөзсіз.

Студенттерге дәріс беруде қазіргі жаңа технологияға сәйкес оқу-білім мәселесін жақсарту қажет. Студенттерге лекция оқымас бұрын, ол дегеннің өзі не, және ол қандай түрде жүргізілуі жөнінде мәлімет болуы шарт.

13 дәріс. Колледжде және мектепте психологиялық пәндерден өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру жолдары

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызығушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі.

Студенттің өзіндік жұмысы –логикалық ойлауды дамытуды, шығармашылық белсенділікті, оқу материалы негізінде зерттеушілік ықпалды қамтамасыз ететін практикалық тапсырмаларды жүзеге асырумен байланысты.

Шарт бойынша СОӨЖ белгіленген кесте бойынша аудиторияда оқытушының қатысуымен және СӨЖ белгіленген тапсырма бойынша оқытушының қатысуынсыз аудиториядан тыс болуы мүмкін.

СӨЖ ұйымдастыру ЖОО-дағы негізгі нормативті құжаттармен сәйкестендіріліп, сонымен бірге жұмыс бағдарламасы, өзіндік оқуға берілген пән бөліктерінің материалдарымен іске асады. СӨЖ материалдары кафедра мүшелерінің профессор-оқытушыларымен өңделеді және өзіне келесідей құжаттарды қосады:

- бүкіл оқу пәнінде есептелген СӨЖ кестесі;
- негізгі типтік бөлімдермен және жұмыстың оқу бағдарламасымен сәйкестендірілген тапсырмалар жүйесі;
- рефераттар, баяндамалар және шығармашылық жұмыстар тақырыптарын;
- семестрлік, курстық, дипломдық жұмыстар тақырыбын;
- негізгі және қосымша әдебиеттер тізімін;
- кеңестік көмек түрлерін;
- бағалаудың түрлерін, ұсынылатын жұмыс көлемін;
- бақылаудың түрлері мен формаларын т.б.

Жалпы СӨЖ-дің сипаттамасы тақырыптың, тапсырманың, өткізілу формасының, сағат көлемінің белгіленуімен жалпы пән бойынша силлабуста көрсетіледі.

Студенттің өзіндік жұмысы жұмыс бағдарламасының негізгі бөліктерінің ескерілуімен оқу жоспарының әрбір пәні бойынша ұйымдастырылады.

Студенттің өзіндік жұмысының мазмұны пән тұжырымдамасымен, ЖОО-ның техникалық мүмкіндіктерімен және кітапхананың оқу-әдістемелермен қамтамасыз етілуімен анықталады.

Студенттің өзіндік жұмысының үдерісі инновациялық технологияларды қолдануға негізделуі керек. Аудиториядағы СОӨЖ студенттің оқулықпен және жаңа материалдармен жұмысын, топтық тапсырманы орындауын, берілген тапсырма көлемінде жеке аналитикалық әрекеттерін сипаттайды. СОӨЖ әрбір пән бойынша бүкіл академиялық кезеңнің өту барысында кестемен сәйкестендіріліп, уақыттың, күннің, аудиторияның және тьюторлардың белгіленуімен өтеді. СӨЖ соңғы нәтижеге жетуге бағытталған жазбаша және ауызша түрде болуы мүмкін.

Жазбаша түрдегі СӨЖ нәтижесі конспект, реферат, баяндама, бақылау, шығармашылық жұмыс, курстық және дипломдық жұмыстар т.б түрде және ауызша түрдегі СӨЖ нәтижесі коллоквиум, конференция, іскерлік ойын, шығарма, жеке-дара әңгімелесу т.б түрде өткізіледі. Сонымен қатар портфолио әдісі арқылы өзіндік білім алушылардың жетістіктерін бағалау тиімді болып отыр. Студенттің өзіндік жұмысының ішінде жазбаша тапсырылатын жұмыстың бірі - курстық жұмыс. СӨЖ-тың бұл түрі арқылы алған теориялық білімдерін, бекітуге, тереңдетуге және де білімді қорытуға, сонымен бірге тәжірибеге пайдалануға үйренеді. Курстық жұмысты орындау бірнеше кезеңдер арқылы жүзеге асады. Алдымен тақырып таңдалады, тақырыпты кафедралар алдын ала даярлап, бекітіп қояды. Тақырыпты студенттің өзі таңдауға құқы бар және онда тақырып мазмұнын ашуға қажетті әдебиеттердің саны да белгіленуі тиіс, сонымен бірге ол кафедрада нақтыланып, студентке жетекші белгіленгеннен кейін келесі кезең басталады.

Ең алдымен тақырыпқа қатысты әдебиеттер мен нормативті актілер іріктеліп, қарастырылады. Жұмысты алдымен оқулықтарды, одан кейін монографиялық әдебиеттерді талдаудан бастайды. Тақырыпты ашу үшін білімді жеткілікті және де тақырыпқа қатысты мәселелерді білу қажет етіледі. Мысалы, құқықтан жасалатын курстық жұмысқа экономикалық мәселелер қатысты болса, керсінше экономикадан (тіпті техникадан) жазылатын курстық жұмысқа құқыққа қатысты мәселелерді тереңдей білуді қажет етеді. Әдеби деректерді қарастырумен бірге тәжірибелік материалдар да қарастырылады және де бұл материалдарды курстық жұмыстың белгілі бір бөлімінде пайдаланылады. Бұл жұмыстың бәрін студент, өзінің ғылыми жетекшісінен кеңес ала отырып, өз бетімен орындайды.

Келесі кезең –жұмыстың жоспарын құру. Студент жоба түрінде оны өз бетімен дайындайды, содан кейін оны жетекшісімен бірге келіседі. Жоспар кіріспе, тарау, параграфтардан және қорытынды, әдебиеттер тізімі, болған жағдайда қосымшадан тұрады.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, зерттелуі және де автордың алдына қойған міндеттері, яғни зерттеу жұмысының ғылыми аппараты қарастырылады.

Жұмыс тараулары, тақырыптың нақты мәселелеріне арналады.

Бірінші тарау тәртіпке сай, теориялық сипатта орындалса, келесі тараулар теориялық және практикалық сипатта орындалады.

Қорытындыда тұжырымдар және автордың ұсынысы жазылады. Жұмыстың келесі кезеңі, мәтінді жазу барысында жұмыс басынан аяғына дейін бір-бірімен логикалық байланыста болуы керек. Әдебиеттер тізімі сілтеме бойынша көрсетіледі, кем дегенде отыз, қырық әдебиет көрсетілуі керек, көлемі 50-60 бетті құрауы тиіс. Қосымшада курстық жұмысқа қатысты мәліметтер, сауалнамалар, бағдарламалар, кестелер т.б. беріледі. Қосымша жұмыс көлеміне енбейді.

Тақырыптағы барлық материал кезекпен-кезек баяндалып, бір-бірімен байланысты, еш қайшылықсыз және қайталаусыз баяндалуы керек. Әр тарауды жазу алдында мақсатқа сай жоспар-жоба түзіледі. Студент дайын жұмысын кафедраға ғылыми жетекшісіне тексеруге тапсырады. Жұмысты бағалауда ескерілетін мәселелер:

- Тақырыпқа қатысты әдебиеттер мен нормативті базаларды толықтай пайдалану.
- Өзіндік ой-пікір, көзқарастың болуы, анализ жасауы және қорыту іскерлігі.
- Баяндау сауаттылығы және материалды көркемдеу немесе безендіруінің талапқа сай болуы.
- Нәтижесі мен кемшіліктері.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда білімді өздігімен меңгеру ақыл дамуының бірден-бір көрсеткіші.

Өзіндік жұмыс барысында студенттердің жеке-даралық белсенділігін қалыптастыруға үлкен мүмкіндік бар.

Өзіндік жұмысқа мыналар жатады:

- оқу әдебиеттерімен жұмыс;
- қосымша әдебиеттермен жұмыс;
- сөздіктер мен энциклопедияларды еркін бағдарлау;
- библиографиялармен жұмыс істеу;
- коллоквиум мен семинарларда өз көзқарасын білдіру;
- конспектілеу, тезистер құрастыру, аннотациялар жасау, шығармалар, рефераттар, эссе, пікірлер жазу;
- көрнекіліктер дайындау т.б.

Студенттердің өзіндік жұмысы оқу үдерісінің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан бұл жұмысты әрекетке айналдыру өз білімін жетілдіріп, ұйымдасқан педагогикалық бағытты студенттің интеллектуалды белсенділігіне айналдыру болып табылады.

14 дәріс. Психологиялық ғылыми әдебиеттерді оқу және олармен жұмыс жасау. Оқытуды басқару.

Мұғалімнің студенттермен жүргізуіне арналған көрсеткіштері көрсетілген:

- Студент бойындағы жеке мотивация,
- Бағалау,
- Біліктілігін арттыру,
- Мәселені шешу,
- Бақылау және студенттердің өзара қарым – қатынасы,
- Келесі сабақты жоспарлау,

- Топтағы студенттердің жеке жұмыспен айналысуы,
- Мұғалімнің берген тапсырмаларын орындау,
- Студенттердің іздену арқылы дамуы,
- Студенттердің өз бетімен ізденуі,
- Мұғалімнің студенттерге бағыт - бағдар беруі,
- Студенттердің өзге сабақтармен берілген пәнді байланыстыра алуы.
- Студенттердің өзіндік қабілеттері мен қызығушылықтарын тануы.
- Студенттердің өзін - өзі бағалауы.
- Студенттердің сабақ барысында өз білімін тексере алу қабілеттіліктері.
- Студенттердің топпен өзара пікір алмасуы.
- Студенттердің ситуациялық жағдайларда рөлге кіре алуы.
- Студенттердің өз кемшілігін сабақ барысында тани алу мүмкіндігі.
- Студенттердің топтың алдында өз пікірін еркін жеткізе алуы.
- Мұғалімдермен еркін араласуы.
- Өзара кеңестермен алмасуы.
- Өзара жаңа ақпараттармен алмасуы.
- Көптеген жаттығуларды үнемді етіп қолдануы.
- Студенттердің сабаққа деген қызығушылығының артуы.
- Сабақ соңында қойылатын бақылау сұрақтарына студенттердің белсенді, әрі ұқыпты жауап беруі.

15 дәріс. Білім беру үдерісінде оқушылардың сапалы білім алуын бақылау.

Оқытудың қазіргі таңдағы барлық бағыттары кейбір жалпы тұжырымдар тұрғысынан қарастырылады, мысалы:

1) оқытушы мен студент арасындағы өзара әрекеттің жанамалылығы (тікелей қатынас) негізінде контактілі және қашықтықтан оқыту формалары бөлінуі мүмкін. Контакттілі оқытуға барлық дәстүрлі оқыту бағыттары, ал екіншісіне - қазіргі таңда дамып келе жатқан, техникалық құралдар арқылы өзара әрекет етуге көмектесетін, қашықтықтан оқыту формасы жатады.

2) Саналылық принципі негізінде интуитивті білім жинақтау (60ж. Г.К.Лозановтың суггестопедиялық бағыты жатады) және санаға бағытталған оқыту бөлінеді.

Саналылық принципі негізіндегі оқыту теорияларын қарастырғанда, оқыту үдерісінде білім алушылардың ұғыну нысанасы не болады деген сұраққа жауап беру маңызды, яғни егер тек ережелер, құралдар ұғынылса, ол Н.Ф.Талызинаның пікірінше, «догмалық» дәстүрлі оқыту болып келеді, ал егер әрекеттердің өздері ұғынылатын болса, онда ол ақыл-ой әрекетінің қалыптасу теориясы (П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина). Егер ол бағдарлама алгоритмін ұғынса, онда ол бағдарламаланған оқыту, алгоритмдік теория (Н.Ф.Талызина, Л.Н.Панда). Егер ол мәселені, міндетті ұғыну болса, онда ол мәселелік оқыту (В.Оконь, М.М.Матюшкин, И.Я.Лернер) болып табылады.

Интенсивті сабақ. Бұл күнделікті жүргізілетін (күніне 3-8сағаттан) және ол 3 күннен 2 аптаға созылады. Бұл тренинг сөзсіз тұлғаның өзгеруіне алып келеді. Бұл тренинг кезінде жүргізуші қатысушыларға аз ғана уақыт бөлінеді.

Үнемі жүргізілетін сабақтар. Әдетте бұл аптасына 1-2 рет болады, ал күніне 3-4 сағаттан жүргізіледі. Олар жүйелеу болып келеді де нәтижесінде өзгеріске алап келеді. Сонымен қатар бұл кезде жүргізуші сабақтарды алдын-ала құрып алуы керек. Алғашқы сабақтарда еске түсіруге міндетті түрде уақыт бөлуі керек және оларды қайта талқылаған жөн. Кей жағдайда өткендерді сабақтар арасында жүргізуге болады.

Эпизодты кездесулер. Басқа құрылымдарға қарағанда ең еркін түрде жүреді. Сабақтар айына 1-2 рет жүруі мүмкін. Соның ішінде жүргізушінің әрбір жүргізілген

кездесуі өзіндік айғақталған болуы шарт. Берілген топ ішіндегі қатысушылар саны және жалпы сабақтың жүргізілу бағыты да өзгерілуі мүмкін. Әрекет сәтті әрі нәтижелі болуы үшін қазіргі таңдағы жаттығуларды таңдап және қолдану керек. Екі қазіргі таңдағы емес жаттығулар ауыртпалыққа алып келуі мүмкін. Әрбір жаттығуды таңдау үшін:

- Немен қызмет еткенді қалайтынтығыңызды анықтап алу.
- Жаттығуларды орындау барысында оларға қандай өзгеріс енгізетін едіңіз?
- Берілген жаттығу бойынша топ қаншалықты дайындықта.

Әлеуметтік-психологиялық тренингтердің қазіргі таңдағы өзіндік бағытталуда көптеген жеке тапсырмалар көрсетілген. Тапсырмаға сәйкес әлеуметтік-психологиялық тренингтің бағытталу жұмыстарын көрсетуге болады.

Коммуникативті компетенттіліктің дамуы.

Мысал ретінде қарым-қатынас тренингтері болып табылады. Олардың негізгі тапсырмалары:

- Орнығудағы қабілеттіліктің дамуы және қарым-қатынастың психологиялық контактының ұстануы.
- Студенттер өзара әрекет барысында өзіндік қабілетілігінің тануы.

Мысал ретінде «Сенсетивті тренингтер» болуы мүмкін, оның негізгі тапсырмалары:

- Өзін талдау және өзге студентті түсіну қабілеттілігі,
- Белгілі бір ситуациядағы адамның сезімін болжамдау қабілеттілігінің дамуы.

Қатысушылардың жалпы тұлғалық дамуы.

Мысал ретінде «Тұлғалық даму» қарастырылады. Соның ішінде тапсырмалар ретінде:

- Өзі жайлы адекватты көзқарастардың құрылуы,
- Адаптивті емес тұлғалық құрылымның түзетілуі,
- Әлеуметтік-психологиялық ситуациялар және өзінің психологиялық талдауы үшін түсіну жүйесін жекелендіру және сезіну,
- Ішкі тұлғалық ауыртпалық және конфликттерді шешу.

Өзін-өзі танудың дамуы.

Берілген бағыттағы жұмысқа:

- Өзіндік қабылдаудың дамуы және түзетуі,
- Өзін талдау қабілеттілігінің дамуы.

Психогимнастикалық жаттығулар: Психогимнастикалық жаттығулар өте жан-жақты және әртүрлі. Сол тапсырмаларды жүргізуші жүргізеді. Олар қажет етілген қылықты қорытындылауға, таным процестерін дамытуға түсіну шекараларының дамуы, зейін танудың дамуы т.б. көптеген жаттығуларға бағытталған болып есептелінеді.

Студенттер мен мұғалімдердің арасындағы қарым – қатынас коучинг барысында үлкен рөл атқарады. Сол тұрғыда студенттер мен мұғалімдердің арасында кері байланыс орнатылады. Осы тұрғыда пирамида түрінде көрсететін болсақ, ол қарым – қатынас пирамидасы немесе жауапкершілік пирамидасы деп қарастырылады.

Тәжірибені жинақтау:

Ол жоспарланған болуы мүмкін. Студенттің оқуы қандай болған жағдайда да оның алған дәрісі шынайылықпен сәйкес келуі керек.

- Кері байланыстың болуы.
- Өткен сабақты еске алу арқылы жаңа білімді меңгеру.
- Студенттердің өздерімен бағалауы.
- Студенттердің өз беттерімен оқулықтарды, ғылыми жұмыстарды оқуы.
- Берілген сабақты өзге студенттер қалай орындайтындығын қадағалау.
- Өзге студенттерді бақылау қабілеттілігі

Берілген тәжірибенің нәтижесі:

Студенттер берілген тапсырманы меңгере отырып, өзіндік пайда болған сауалдарын қояды:

а) не болды;

б) болған әрекеттің нәтижесі қандай болмақ;

Берілген тәжірибені қолдану:

Бұл тәжірибеде студенттің өзінің меңгеруіне байланысты қолданады.